

«Ақмола облысы білім басқармасының Жақсы ауданы бойынша білім бөлімі Жаңа Қима ауылының Ғ. Әбдірахманов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің №9 жоспардан тыс шағын педагогикалық кеңес хаттамасының көшірмесі

Күні: 15.07.2024

Қатысқан мұғалімдер саны: 17

Күн тәртібі:

1. Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы қорытынды.
2. Кемшіліктерді жою жоспары.
3. Құжаттарды рәсімдеу.

Бірінші сұрақ бойынша тыңдалды: Биримжанова Л.А., мектеп директоры Ақмола облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінен жіберілген мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы қорытындысын оқып шықты. Ұсыныстарды назарға алу, ескеру тапсырылды. Анықталған кемшіліктерді жоюға құрылған жоспар ұсынылып, мерзімі көрсетілді:

- а) Бастауыш сынып оқушыларын жеке шкафтармен қамтамасыз ету;
- б) Мұғалім Капашева М.Д. информатика пәні бойынша қайта даярлау курсынан өткендігін растайтын құжаттарын көрсетілген мерзімде тапсыру.

Сөйледі : Муханжанова М.К. кәсіподақ комитетінің төрайымы.
Мектеп қызметінің объективті талданғанын атап өтіп, аталған кемшіліктерді жою жоспарын дер кезінде орындау қажеттілігіне тоқталды.

Шешім:

1. Жеке пайдалану шкафтарымен білім алушыларды қамтамасыз ету.
2. Капашева М.Д. тиісті пәні бойынша, қайта даярлау курсынан өткендігін растайтын құжаттарды рәсімдеу.

Төрайымы:

Хатшы:



Л. Биримжанова

К. Тулегенова